

"БУДДА ІЛІМІНІҢ" БҰЛАҚТАРЫ

Қысқартулар: ДН - Дигха Никая
МН - Мадджхима Никая
СН - Самьютта Никая
АН - Ангуттара Никая

БУДДА

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i>
I тарау			
1	2	1	Түрлі сутталар
	5	1	АН 3-38, Сукхумала-суттасы
	5	11	МН 3-26, Арияпариесана-суттасы
	6	1	Түрлі сутралар
	7	1	МН 9-85, Бодхираджакумара-суттасы
	7	8	Түрлі сутралар
	7	19	Сутта-нипата 3-2, Падхана-суттасы
	7	23	Түрлі сутралар
	8	13	Виная, Махавагга 1
	9	14	ДН16, Махапариниббана-суттасы
2	10	17	ДН16, Махапариниббана-суттасы
	11	10	Париниббаба-суттасы
	13	10	Париниббана-суттасы
	13	18	ДН16, Махапариниббана-суттасы

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i>
II тарау.			
1	15	1	Амитаюр-дхьяна жана Вима- лакирти нирдеша сутрасы
	15	7	Шурамгама - сутрасы
	15	13	Вималакирти - нирдеша және Махапаринирвана сутрасы
	16	7	Саддхармапундарика сутрасы 16
	17	1	Махаяна-джатака- читтабхумипарикша-сутрасы
	17	12	Махапаринирвана-сутрасы
2	19	1	Саддхармапундарика- сутрасы 3
	20	1	Саддхармапундарика- сутрасы 4
	21	14	Саддхармапундарика- сутрасы 5
3	22	15	Саддхармапундарика- сутрасы 16
III тарау.			
1	25	1	Аватамсака-сутрасы 5
	26	4	Махапаринирвана-сутрасы
	26	9	Аватамсака - сутрасы
	26	18	Суварнапрабхасоттамараджа- суттрасы 3
2	29	13	Аватамсака-сутрасы
	29	11	Аватамсака-сутрасы 34, Гандавьюха
	29	15	Кичи Сукхавативьюха сутрасы

Бөлім	Беттер	Қатар	Бұлақтар
	29	21	Аватамсака-сутрасы
	30	7	СН 35-5
	30	11	Махапаринирвана-сутрасы
3	32	8	МН 8-77, Махасакулудайи-суттасы
	33	8	Махапаринирвана сутрасы
	33	19	Ланкаватара -сутрасы
	34	5	Аватамсака-сутрасы 32
	34	22	Саддхармапундарика-сутрасы 25
	35	1	Махапаринирвана-сутрасы
	35	16	Саддхармапундарика-сутрасы 2
	35	23	Саддхармапундарика-сутрасы 2

ДХАРМА

I тарау.

1	38	1	Виная, Махавагга 1-6 жана СН 56-11-12, Дхаммачакрпправартана-суттасы
	39	14	Итувуттака - суттасы
	40	4	МН 2, Саббасава - суттасы
	40	11	18 бөлімнің 42ші сутрасы
	41	4	Шрималадевисимханада-суттасы
3	42	22	22чи Аватамсака-сутрасы,

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i> <i>Дашабхумика</i>
II тарау.			
1	46	1	МН 4-35, Чуласаччака-сутрасы
	48	8	АН 5-49, Раджа-мунда-суттасы
	48	21	АН 4-185, Самана-суттасы
	49	6	АН 3-134, Упшада-суттасы
2	49	13	Ланкаватара-сутрасы
	49	17	Аватамсака-сутрасы 2
	50	1	16шы Аватамсака-сутрасы
	50	11	22ші Аватамсака- сутрасы, Дашабхумика
	51	1	Ланкаватара-сутрасы
	51	7	АН 4-186, Уммагга-сутрасы
	51	11	1,2,17,18 Дхаммапада
	52	1	СН 2-1-6, Камада-суттасы
	52	11	16 Аватамсака-сутрасы
	52	19	Ланкаватара-сутрасы
3	53	15	МН3-22, Алагаддупама-суттасы
	54	9	Ланкаватара-сутрасы
	54	13	Ланкаватара-сутрасы
	57	5	Виная, 1-6 Махавагга
4	58	1	Ланкаватара-сутрасы
	58	9	СН 35-200, Дарукхандха- суттасы
	58	15	Ланкаватара-сутрасы
	59	6	МН 2-18, Мадхупиндика- суттасы
	59	20	Ланкаватара-сутрасы

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i>
	60	14	Ланкаватара-сутрасы
	61	9	Вималакирти нирдеша сутрасы
	63	12	34 Автамсака сутрасы, Гандовьюха
	63	19	Ланкаватара-сутрасы
III тарау.			
1	65	1	Виная, 1-5чи Махавагга
	66	1	Виная, 5-21чи Чулавагга
	66	8	Шурамгама-сутрасы
2	71	5	Шурамгама-сутрасы
	73	5	Махапаринирвана-сутрасы
	73	12	7 Саддхармапундарика сутрасы және Шурамгама-сутрасы
	74	5	32чи Аватамсака-сутрасы
	74	9	Махапаринирвана-сутрасы
	74	15	Брахмаджала-сутрасы
	75	1	Махапаринирвана-сутрасы
3	75	23	Махапаринирвана-сутрасы
IV тарау.			
1	81	1	Шрималадевисимханада- сутрасы
	82	1	АН - 2-11
	82	9	Итивуттака 93
	82	15	Виная, Махавагга
	83	3	АН 3-68, Аннатиттхика-суттасы

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i>
	83	16	АН 3-34, Алавака-суттасы
	84	11	Вайпилья-суттасы
	84	18	В Виная, 1-6 Махавагга, Дхам- Дмачакраправартана-суттасы
	84	22	МН 2-14, Чуладукхандха- суттасы
	85	11	Махапаринирвана-суттасы
	86	14	24 Итивуттака
2	88	7	МН 6-51, Кандарака-суттанта
	89	1	АН 3-130
	89	15	Ан 3-113
3	90	5	100 Итивуттака
	90	19	Самьюктаратнапитака-суттасы
	91	21	Махапаринирвана-суттасы
	93	7	АН 3-62
	94	1	АН 3-35, Девадута-суттасы
	95	1	Тхеригатха Аттхакатха
	96	3	Сукхавативьюха-суттасы 2том
V тарау.			
1	102	1	Сукхавативьюха-суттасы 1том
	105	18	Сукхавативьюха-суттасы 2том
	107	4	Амитаюр-дхьяна-суттасы
2	110	13	Кичи сукхавативьюха-суттасы

ЖЕТІЛУ

I тарау.			
1	116	1	МН 2, Саббасава-суттасы
	117	19	МН 3-26, Арияпариесана-суттасы

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i>
2	118	11	СН 35-206, Чхапана-суттасы
	119	12	42 баптағы 41-2 сутра
	121	22	МН 2-19, Дведхавитакка-суттасы
	122	19	Дхаммапада Аттхакатха
	123	14	АН 3-117
	124	5	МН 3-21, Какачупама-суттасы
	127	4	МН 3-23, Ваммика-суттасы
	128	17	Джатка IV-497, Матанга-джатака
	132	4	42 бөлімдегі 9 сутра
	132	15	42 бөлімдегі 11 сутра
3	133	6	42 бөлімдегі 13 сутра
	134	4	Ан 2-4, Самачитта-Суттасы
	134	21	Самьюктаратнапитака-сутрасы
	144	30	Махапаринирвана-сутрасы
	145	22	Самьюктаратнапитака-сутрасы
II тарау.			
1	150	1	МН 7-63, Чуламалункья суттанта
	152	8	МН 3-29, Махасаропама-сутта
	154	1	Махамая-сутта
	154	11	Тхерагатка Аттхакатха
	156	8	Мн 3-28, Махахаттхипадопама-сутта
	156	24	Махапаринирвана-сутрасы

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i>
	157	8	Аваданаашатака-сутрасы
	158	24	Махапаринирвана-сутрасы
	160	14	Панчавимшати-сахасрика- праджняпарамита-сутра
	161	22	34 Аватамсака-сутрасы, Гандавьюха
2	163	12	АН 3-88
	164	10	АН 3-81
	164	17	АН 3-82
	165	13	Париниббана-суттасы 2том
	166	11	МН 14-141, Саччавибханга-суттасы
	167	19	Париниббана-суттасы 2том
	168	12	АН 5-16, Вала-сутта
	168	19	6 Аватамсака-сутрасы
	169	20	Махапаринирвана-сутрасы
	170	1	Самьютаратнапитака сутрасы
	170	19	26 Суварнапрабхаса-сутрасы
	171	13	Махапаринирвана-сутрасы
	172	12	Тхерагатха Аттхакатха
	173	10	Джатака 55, Панчавудха-джатака
	174	12	39 жана 40 Итивуттака
	174	26	Махапаринирвана-сутрасы
	175	3	Махапаринирвана-сутрасы
	175	7	АН 5-12
	175	10	Париниббана-суттасы
	175	23	Шурамгама-сутрасы

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i>
3	176	25	СН 55-21 және 22 Маханама-суттасы
	177	21	АН 5-32, Чунди-сутта
	178	1	Вималакирти-нирдеша-сутрасы
	178	13	Шурамгама-сутрасы
	178	19	Сукхавативьюха-сутрасы 2том
	179	8	СН 1- 4-6
	179	11	33 Аватамсака-сутрасы
	180	7	24 Аватамсака-сутрасы
	180	18	4 Суварнапрабхаса-сутрасы
	181	7	4 Амитаюр-дхьяна сутрасы
	181	10	Сукхавативьюха-сутрасы
	181	14	Махапаринирвана-сутрасы
	182	12	МН 2-16, Четохила-суттасы
	183	6	Сукхавативьюха-сутрасы 2том
4	184	1	Дхаммапада
	192	1	СН 1-6-59
	192	14	АН
	192	17	Махапаринирвана-сутрасы

БАУЫРЛАСТЫҚ

I тарау.

1	194	1	100 Итивуттака жана МН 1-3, Дхаммадаяда-сутта
	194	5	92 Итивуттака
	195	1	Виная, 1-30 Махаватагга
	195	20	МН 4-39,

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i>
			Маха-ассапура-сутта
	197	6	МН 4-40, Чула-ассапура-сутта
	198	6	10 Саддхармапундарика-сутра
	198	11	10 Саддхармапундарика-сутра
	199	1	14 Саддхармапундарика-сутра
2	200	8	СН 55-37, Маханама-сутта
	201	1	АН 3-75
	201	9	СН 55-37, Маханама суттасы
	201	15	СН 55-54, Гилаянам-суттасы
	201	20	22 Аватамсака-сутрасы
	203	11	Махапаринирвана-сутрасы
	206	4	7 Аватамсака-сутрасы
	209	3	Махамая-сутрасы
	210	1	21 Аватамсака-сутрасы
	210	22	Махапаринирвана-сутрасы
II тарау.			
1	212	1	ДН 31, Сингаловада-сутта
	217	17	АН 2-4, Самачитта-сутта
	218	10	АН 3-31
	218	18	417 Джатака, Каччани-джатака
	220	20	ДН 31, Сингаловада-сутта
	221	5	1 Дхаммапада Аттхакатха
2	222	13	АН 4-197
	223	7	АН 5-333, Уггаха-сутта
	224	1	Бирмандық талкқылау
	224	22	АН 7-59, Суджата-сутта
	226	17	ДН16, Махапариниббана-сутта
	227	19	Срималадewisимханад-сутрасы
3	230	1	ДН 16, Махапариниббана-сутта

<i>Бөлім</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>	<i>Бұлақтар</i>
	231	4	34 Аватамсака-сутра, Гандавьюха
	232	10	12 Суварнарабхаса-сутрасы
	233	11	Бодхисаттва-гочаропая- висаявикурвана-нирдеша-сутта
III тарау.			
1	240	1	Махапаринирвана-сутра
	241	25	АН 3-118, Сочейан-сутта
	243	13	СН
	244	7	Виная, 10-1 жана 2 Махавагга
	244	17	ДН 16, Махапариниббана-сутта
	246	1	Виная, 10-1 жана 2 Махавагга
2	248	13	СН
	249	10	Чуинкио-сутрасы
	249	16	Вималакирти-нирдеша-сутра
	251	1	Махапаринирвана-сутра
	251	20	Кичи сукхавативьюха-сутра
	252	3	Сукхавативьюха-сутрасы
	252	16	Виламакирти-нирдеша-сутра
3	253	1	1 Дхаммапада Аттхакатха
	253	9	АН 34-2
	254	9	Дхаммапада Аттхакатха
	255	5	АН 5-1
	255	10	10 Сарвастивада-сангхаведака васту
	256	4	МН 9-86, Ангулимала-сутта
	257	5	АН 26

TIPKEME

БУДДИЗМНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

1. ҮНДІСТАН

Адамзаттың рухани өмірінде дәуірлік мағынасы бар ұлы оқиғалардың қатарына Орталық Үндістандағы “Азияның жарығының” жарқырап шығуы жатады. Немесе басқа сөздермен айтқанда, көптеген ғасырлардан бері бүгінгі күнге дейін азиялықтардың жанын сусындатып келе жатқан Ұлы ақыл, Қайырымдылық және Аяушылық қайнар кездерінің пайда болуы.

Будда Гаутаманы кейінірек Будда ілімінің ізбасарлары Шакьямуни, яғни “Шакья тайпасының данышпаны”, деп атап кеткен. Ол өзінің туған үйін тастап, жарлы монахқа айналады және оңтүстіктегі Магадха деген жерде ағаштың түбінде нұрлануға жетеді. Болжам бойынша, бұл оқиға б.э.д. 5 ғасырдың ортасында болған екен. Сол кезден “Ұлы Өлімге” дейін, яғни Нирванаға өткенше 45 жыл бойы ол қажымастан Ақыл, Қайырымдылық және Аяушылық туралы ілімді уағыздайды. Орталық Үндістандағы мемлекеттер мен әр түрлі тайпаларды сенімнің ірі тіректерін құрайды.

Маурья династиясының үшінші патшасы Ашоктың тұсында (б.э.д. 268-232 жылдары билеген.) Будда Гаутаманың ілімі бүкіл Үндістанға тарап, тіптен шет елдерге де тарай бастайды.

Маурья династиясы Үндістанда бүкіл елді біріктірген бірінші династия еді. Династияның негізін салушы Чандрагупте патша (б.э.д. 316- 293ж. билеген) тұсында Маурьелердің билігі солтүстікте Гималайға дейін,шығыста Бенгал түбегіне дейін, батыста Гиндукуш тауына дейін, оңтүстікте Виндхья тауына дейін жетеді. Ашок хан болса оңтүстіктегі Калинга мемлекетін қосып, Дехан тауларына дейін оны кеңейткен.

Бұл патша өзінің қаталдығымен белгілі болады және ел оны Чандошока деп атап кеткен, бұл “Қорқынышты Ашока” дегенді білдіреді. Бірақ Калингиниді басып алу үстіндегі оның әскерлері жасаған қиратулар оның мінезін күрт өзгертті және ол Ақыл, Қайырымдылық және Аяушылық туралы ілімнің нағыз жақтаушысына айналады. Содан бері Будданың ізінен еруші ретінде көптеген жақсы істерді атқарады, бірақ олардың ішінен ең көрнектісі екі іс болып табылады.

Оның біріншісі - “Ашоктың жазулары”деп аталған. Ол өзі билеген жердің бөріне тастан бөренелер тұрғызып, оның бір жағына бұл елде басқару Будданың ілімімен жүргізіледі деп ойдырып жаздырады. Осындай жазулар жалаң жартастарда ойылып жаздырылады. Екінші іс - ол бүкіл Үндістан бойынша Будданың Ақыл, Қайырымдылық және Аяушылық туралы ілімін таратады. Одан басқа ол өз кісілерін бұл ілімді тарату үшін басқа елдерге жібереді. Өз адамдарын Сирия, Египет, Кирена, Македония және Ёпир сияқты елдерге жіберуін атап айтуға болатын дерек. Олар буддизмді алыс батысқа таратқан. Тамрапарти немесе Цейлонға жіберілген Махендра “өдемі ілімді өдемі Ланкадвипа аралында орнықтырып” табысқа жетті. Сөйтіп, аралда оңтүстік елдерде ілімді уағыздауға тірек орнығады.

2. МАХАЯНАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Кейінгі жылдардағы буддашылар “буддизм шығысқа қарай жылжыған”деп айтады, бірақ буддизм келбеті б.э.д. батысқа ауған еді. Ол шығысқа қарай назарын біздің ғарамыздың басында аударып бастаған болатын. Бірақ алдымен буддизмде болып өткен үлкен өзгерістер туралы айту керек. Бұл “Махаяна” немесе “Үлкен дөңгелек” деп аталатын “жаңа толқынның” пайда болуы. Буддизмді бірте - бірте қуатты ағымға айналады.

Бұл “жаңа толқын” қашан пайда болды? Қалай? Оның негіз кім қылады? Оның қалай пайда болғаны жөнінде ешкім ешнәрсе айта алмайды. Біздің айтарымыз, біріншіден, ең алғашқы махасангхик мектебінің негізінде алдыңғы қатарлы монахтар құраған және екіншіден, б.э.д. екінші және бірінші ғасырларда Махаянаның ең негізгі сутралары белгілі болған. Міне осы сутралардың негізінде Нагарджунаның белсенді іс - әрекеті белгілі бастайды сөйтіп, Махаяна будда дінінің тарихының сахнасына шығады.

Буддизмнің ұзақ тарихында Махаяна маңызды роль атқарды. Қытай мен Жапонияда буддизм бастан аяқ бағыттың ықпалымен дами бастаған. Мұнда таң қалатын ешнәрсе жоқ, өйткені Махаяна елді құтқарудың жаңа мұратын ұстанды. Жаңа мұраттарды жүзеге асыру үшін онда жаңа тірі қасиеттілер - бодхисатвалар қалыптасады. Оларды қолдау үшін Махаянаның ойшылары метафизика мен психология салаларында үлкен жетістіктерге жетеді. Жиынтығында, Будда Гаутама негізін салған туысқандық қатынастарды жалғастыра отырып, ол Ақыл мен Аяушылық туралы ілімге жаңа элементер кіргізді. Соның арқасында буддизм қажырлы және қайратты болды. Ол толып аққан дария сияқты шығыс елдерді суғара бастайды.

3. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

Қытайлықтар буддизммен Орталық Азия арқылы танысқан. Сондықтан буддизмнің Үндістаннан Қытайға өту жолы жөнінде айтсақ, алдымен Жібек жолы еске аламыз. Ол б.э.д. екінші ғасырдың аяғында Қытайдың Хань династиясының императоры У - ди (140-87ж б.э.д.) билеген тұста Батыс пен Шығысты Орталық Азия шөлдері арқылы жалғастырып тұрған сауда жолы ретінде ашылды. Ол кезде Қытайдың территориясы алыс батысқа дейін созылып жатқан. Қытаймен көршілес Фергана, Согдиана, Тохара және Парфия мемлекеттерінде Александр Македонский салып кеткен сауда рухы сақталған еді. Осы елдер арқылы өтетін сауда жолында негізгі тауар қытай жібегі болатын. Сондықтан бұл жолды жібек жолы деп атаған. Үндістан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстар негізінен буддизм бойынша осы сауда жолы арқылы болып тұрған. Міне сондықтан, Жібек жолы буддизм тараған жол болып есептеледі.

4. ҚЫТАЙ

Қытайда буддизм тарихы буддалық канондарды алу мен оларды аударудан басталды. Ежелден бері Соңғы Хань династиясының Минди императоры тұсында Юнпин дәірінде (58-76ж б.э.) Касяпамантанго мен басқа монахтар “Ссу-ших-ер-чан-чинді”(тараулы Сутра) қытай тіліне алғашқы рет аударды деп есептелінеді. Бірақ қазіргі заманның оқымыстыларының айтуынша бұл күмөнді аңыз. Олар бүкіл істі б.э. 148 жылдан 171 жылдар аралығында Ань Ши-гао Лоянда жасаған екенін дәлелдеді. Содан бері Солтүстік Сун династиясының императорларының (960-1129ж.б.э.) мыңжылдық билігі кезеңінде бұл будда канондарын аудару жұмысы жалғасып келді.

Алғашқы уақытта Қытайға сутраларды Орталық Азияның монахтары алып келген. Олар қытай тіліне аударуда да негізгі роль атқарды. Үшінші ғасырда Лоянга келген Кан Сен-кай Самарқаннан еді. Ол “Сукхавативьюха” (шексіз өмір туралы сутра) сутрасын аударған болатын. “Саддхармапундарика” сутрасын аударушы ретінде белгілі Чу Фа-Ку немесе Дхармакша тохарадан келген болатын. Ол Лоян мен Чаньанда үшінші ғасырдың соңы мен төртінші ғасырдың басында өмір сүрген. Ал бесінші ғасырдың басында Күчиден Кумараджива келгенде, будда канондарын қытай тіліне аудару бойынша жұмыстардың ең қызып тұрған кезі еді.

Шамамен сол кезеңде қытай монахтары санскритті үйрену үшін Үндістанға барып тұрды. Олардың алғашқысы Фа-сянь(339-420) еді. Ол Үндістанға Шаньянга 399жылы аттанып, 15 жылдан кейін қайтып оралады. Олардың араларында ең белгілісі Сюань-цзуан(600-664) болатын. Ол Үндістанға 627 жылы аттанып, Қытайға 645жылы 19 жылдан кейін қайтып оралады. Ал И-цзин(635-713) Үндістанға теңізбен 671жылы аттанып, 25 жылдан кейін Қытайға теңізбен қайтып оралады.

Үндістанда олар санскритті үйренеді, сутраларды тандап алып, Қытайға қайтып оралады. Олар қытай тіліне аударуда негізгі роль атқарады. Тіл білуде ерекше қабілеттерді Сюань - цзуан танытады. Оның будда канондарын аударудағы қажымас іс-өрекетінің арқасында бұл іс Қытайда жаңа бір биікке көтеріледі. Камараджива мен басқа монахтар жасаған Сюань-цзуанға дейінгі аудармаларды ғалымдар “ескі аудармалар”, ал Сюань-цзуанның аудармаларын - “жаңа аудармалар” деп атайды.

Осы канондық әдебиеттің бай материалына негізделген Қытай монахтарының философиялық және діни іс өрекеттерінде бірте-бірте қытайландыру үрдісі байқала бастайды. Бұл ұлттық мінездің, оның сұраныстарының және өзінің сенімділігінің көріністері еді.

Бұл туралы алғашқы кезеңдегі қытай монахтарының “бостық” концепциясының метафизикасына қызуғушылығы дәлел бола алады. Бұл концепция туралы Праджня сутрасында айтылады. Олардың көп ұзамай Хинаядан, яғни Кіші дөңгелектен бас тартып, тек қана Махаянамен, яғни Үлкен дөңгелекпен ғана айналыса бастауы дәлел бола алады. Бұл үрдіс Тяньтай (жапондық аты Тэндай) мектебінде көрініс береді, ал Цань (жапонша аты Дзэн) сектасында гүлдей түседі.

Қытайдағы Тяньтай мектебі 6 ғасырдың екінші жартысында Ұлы ұстаз Тяньтай (жапонша Тэндай Дайси) атпен белгілі болған үшін патриарх Чжи - и (538-597) тұсында қалыптасады. Ол Қытайлық будда ойтолғауының көрнекті қайреткері болды. Оның будда ілімін жіктеуі, оны бес кезең мен сегіз доктринаға бөлуі көп уақыт бойы буддизмнің Қытайда ғана емес, сонымен қатар Жапонияда буддизмнің дамуына күшті ықпал етеді.

Қытайда сутралар шыққан кезеңіне қарамай, бірден қытай тіліне аударылған. Каноникалық әдебиеттің бай материалы жиналған соң, осы сутраларды қайта қарау, електен өткізу және құндылығын анықтау қажеттілігі туындайды. Оларда буддизмді өзіндік тұтас дүние ретінде түсінуді байқалтатын буддизмге деген ерекше көзқарастар қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар осындай көзқарастарға негіз болатын дәлелдерді көрсету керек еді. Бұл Чжи-и мен басқа буддалық ойшылдардың жіктеуін құруға әкеліп соқты. Олар алдымен қытай философиялық ой-толғаудың нәтижесі еді. Олардың арасында Чжи-идің жіктеуі тәртіптірек және нанымдырақ болатын. Бірақ буддизмнің қазіргі кезеңдегі зерттеулері басталғанда, ол өзінің басымдық танытушы ықпалын жоғалта бастайды.

Қытай буддизмнің тарихында “соңғы жетістік” Чань (жапонша аты Дзэн) сектасы болатын. Оның негізін салушы шетелдік

уағыздаушы Бодхидхарма болды. Ол сепкен ұрықтар алтыншы патриарх Хуэй - нәннен (638-713) кейін ғана өзінің әсем гүлдерін бере бастайды. 8-ғасырдан кейін бұл секта дүниеге көрнекті қайраткерлердің үлкен тобын береді. Олардың іс-әрекетінің нәтижесінде бұл секта бірнеше ғасыр бойы гүлденіп тұрған.

Будда ой-толғауының жаңадан дамуы өзінің терең тамырларымен қытай халқының ұлттық мінезімен астасып жатады деуге болады. Бұл қытай философиялық оймен көмкерілген буддизм болатын. Будда Гаутама ілімінің дариясы жаңа ағымдармен толығып, одан сайын сұлу бола түсті. Ол өзінің бай суларымен Қытайдан шығыста жатқан елдерді суғара бастайды.

5. ЖАПОНИЯ

Буддизмнің тарихы Жапонияда 6 ғасырда басталды. 538 жылы Пекче мемлекетінің патшасы жапон императоры Кимейге өз кісісі арқылы Будда статуясы мен будда сутраларын сыйлық етіп жібереді. Осылай буддизм Жапонияға келді. Содан бері Жапонияда 1400 жыл өткен екен.

Буддизмнің бұл ұзақ тарихында үш маңызды кезеңді атап өтуімізге болады.

Бірінші кезең 7 және 8 ғасырларға, яғни Хорюдзи(607) және Тодай-дзи(752) храмдарын салу кезеңдеріне сай келеді. Бұл кезеңге сипаттама бере отырып, жалпы Азияны түгелімен қамтыған мәдениеттің ерекше түлеуін айтпай кетуге болмайды. Бұл кезеңде батыс өркениеті қараңғылықта болатын, ал шығыс өркениеті көркейіп, белсенді түрде кеңі түсті Қытайда, Орталық Азияда және Үндістан мен басқа да оңтүстік елдерде белсенді түрде интеллектуальді, діни және көркем іс - әрекеттер дами түсті. Буддизм адамзат іс - әрекетінің осы түрлерін біріктіріп, Шығыс

өлеміне қуатты толқынмен гуманизм тарай бастайды. Хорю - дзи мен Тодай - дзи сияқты әсем храмдардың салынуынан көрініс берген Жапония мәдениетінің дамуының осы кезеңі, сонымен қатар осы храмдар төңірегінде қалыптасқан көп түрлі діни және көркем іс - әрекеттер Азияны толық қамтыған, ақырында оның ең шығысына жеткен мәдени толқындардың ықпалымен тығыз байланыста болатын.

Сол кезге дейін өркениетсіз жағдайда болған Жапонияда мәдениет бірден гүлдей бастайды. Сол кезеңде халықаралық мәдениетті алып жүруші ретінде буддизм қызмет қылады. Будда храмдары халықаралық өркениетті мәдениеттің - жаңа алдыңғы қатарлы ойды жеткізушілер болады. Сутралар ойдың ең жақсы сақталатын жеріне айналады. Олар өз бойында тек қана дінді емес, одан кеңірек, ұлы мәдениетті қамтиді. Жапонияға келген буддизмнің шынайы ролі осындай еді.

Көп ұзамай 9 ғасыр екі ұлы буддалық қайраткерлер - Сайте(767-822) және Кукайды(774-835) берген. Олар жапон буддизмнің бірінші секталарының негізін қалайды. Бұл кезеңдегі буддизм Хэйан буддизмі деп аталады. Ол уақытта буддизм ақсүйектер ғана айналысатын нәрсе деген үрдіс бар еді. Бірақ бұл екі қайраткер буддизм мәні жанды жетілдіруде деп есептеп, өздерінің іс - әрекеттерін қалалардан таулы аймаққа ауыстырады. Ол жерлерде жанды жетілдіруге бағышталған арнайы қасиетті үйлер салынады. Содан бері 300 жыл бойы олардың Тэндай және Сингон секталары император сарайы мен ақсүйектер арасында негізінен гүлдене түскен.

Екінші кезең 12 және 13 ғасырларға сай келеді. Бұл кезеңде белсенді қызметті жапон будизмінің мынандай көрнекті қайраткерлері атқарады: Хонен(1133-1212), Синран(1173-1262),

Доген(1200-1253), Нитирэн(1222-1282) және басқалар. Қазіргі уақытта да біздің еліміздегі буддизм туралы айтатын болсақ, бұл аттарды атамай кете алмаймыз. Неге бұл кезең Жапонияға буддизмнің көрнекті қайраткерлерін берді? Бұл, біріншіден, олардың алдындағы міндет біреу және ортақ еді. Бұл қандай міндет? Бұл буддизмді Жапондық тұрғыдан игеру десек болады.

Буддизм Жапонияға ертерек келген деп қарсы болуы мүмкін. Тарихи дерек ретінде бұл дұрыс. Бірақ қайсы елдің болса да халқы жаңа мәдениетті қабылдауы, сіңіруі үшін, оған үйренуі үшін бірнеше жүз жылдықтар керек. Яғни Жапония 7-8 ғасырларда қабылдаған буддизм 12-13 ғасырларда гүлдей бастайды. Бұл ұлы буддалық қайраткерлер-дің еңбегі еді.

Содан бері Жапон буддизмі осы көрнекті буддистердің қалаған іргетастарының негізінде дамуда. Ол қазіргі күндері де осындай. Басқа сөздермен айтқанда, сол кезден бері Жапон буддизмінің тарихында дәл осындай көтерілу болған емес. Бірақ, Жапон буддизмінің тарихында осыдан кейін де көңіл аударарлықтай оқиғалар болды. Бұл алғашқы буддизмді зертеудегі қазіргі заманғы ғылымдардың жеткен жетістіктері.

Буддизм біздің елімізде сол келген кезден бастап қытай буддизмнің ықпалында болды. Бұл негізінен бір ғана Махаяналық діни ілімі еді. Әсіресе, 12 және 13 ғасырлардағы көрнекті қайраткерлерден кейін барлық секталар Махаянаны мұралады. Осындай жағдайларда алғашқы буддизмді зерттеулер Мейдзи дәуірінің екінші жартысынан, яғни өткен ғасырдың соңынан басталады. Міне осы зертеулердің нәтижесінде секталардың негізін салушылардан басқаларды ұмытқан адамдар үшін буддизмнің негізін қалаушы Будда Гаутаманың ашық жарқын бейнесі жарқырап көріне бастады. Махаянадан басқа ешнәрсе білмейтіндер үшін Будда ілімі толығырақ білінді. Бұл зерттеулер өзінше таза ғылыми

түрде және олар жаңа діни қызығушылықты тудыра қойған жоқ, бірақ олар Жапондардың буддизм жөніндегі білімін жаңғыртуда зор роль атқарады. Бұны біз Жапон буддизмінің тарихындағы үшінші маңызды кезең деп есептейміз.

БУДДА ІЛІМІНІҢ БЕРІЛУ ТАРИХЫ

Буддизм - бұл Шакьямунидің 45 жыл бойы оқыған уағыздарының негізінде құрылған дін. Сондықтан Шакьямунидің қалдырған сөздері буддизмде үлкен беделге ие болған. Буддизмде 84 мың ілім, онда көптеген секталар болса да, олардың біреуі де Шакьямунидің уағыздарынан алшақ кетпейді. Уағыздар жазба түрінде көптеген томдарды құрап, “Иццзин”және “Дацацзин”(Жапонша “Иссайке”және “Дайдзо-ке”) деген аттармен белгілі болады.

Шакьямуни өз уағыздарында барлық адамдардың теңдігі жөнінде оқытқан. Ол барлық адамдарға түсінікті, қарапайым тілмен сөйлеген. Ол өз өмірінің ақырғы күніне дейін, 80 жасқа келіп өлгенше тоқтамастан мүмкін болғанша көбірек адамды құтқару мақсатында уағызын жалғастыра берген.

Шакьямуни қайтыс болғаннан кейін оның шәкірттері бұл ілімді ұстаздарынан естігендей уағыздауды жалғастыра берді. Бірақ ілімді ауызша беруде шәкірттері ұстаз айтқанды дұрыс ұқпай қалуы және дұрыс естерінде сақтамауы мүмкін еді. Ал Шакьямунидің сөздері әр уақытта дәл берілуі керек болатын.

Адамның қандай екендігіне қарамастан әрбірі Будда ілімін қабылдай алатындай ету керек еді. Бұл ілімді келесі ұрпаққа өзгеріссіз беріп отыру үшін ақсақалдар жиналып, бәрі ілімді тәртіпке келтіре бастайды. Бұл жиын “кәудзю” деген атпен белгілі. Оған көптеген қарт монахтар жиналады. Олардың әрқайсысы өз ұстаздарынан естіген ілім сөздерін ортаға салады. Бұл ілімдер мұқият тексеріліп, қателіктері бар-жоғы анықталады. Жұмыс бірнеше айға созылады. Бұл Шакьямунидің ілімін кейінге дұрыс күйінде беру мақсатында ақсақалдардың ілімге қандай үлкен құрметпен қарағандығын білдіреді. Тәртіпке келтірілген өңгімелер

мен қанатты сөздер жазба күйіне келтірмеді, содан соң оған атақты буддалық қайраткерлер өздерінің түсіндірмелерін тіркейді. Оларды “талқылаулар” деп атайды. Будданың қанатты сөздері, жоғарыдан талқылаулар және будда қауымының каноникалық ережелері типитакуды немесе “Үш себетті” құрайды. “Үш себет” - бұл Сутта - питака немесе “Сутралар себеті,” Виная - питака немесе “Тәртіп себеті” және Абхидхарма - питака немесе “Толқылаулар себеті”.

Аңыздарға сүйенсек буддизм Қытайға б.э-дың 67 жылы Соңғы Хань династиясынан шыққан император Мин-ди билеген кезде келеді. Бірақ алғашқы сутра қытай тіліне 84 жылдан кейін 151 жылы сол династияның императоры Хуан-ди билеген кезде аударылады. Содан бері 1700 жыл бойы буддалық каноникалық әдебиеттің аударылуы жалғасып келеді. Аударылған сутралардың саны 1440 жетіп 5586 томды құрады. Вэй династиясы кезеңінен - ақбуддалық канондарды бір жерде сақтау әрекеттері жасалды. Бірақ олар Солтүстік Сун династиясынан бері ғана басып шығарыла бастады. Содан бері буддалық канондарға қытайлық будда қайраткерлерінің шығармалары енгізіле бастады. “Типитака” деген ат өз мағынасына сәйкес келмеді. Сөйтіп, Суй династиясында канондор жинағын “Иццзин” (жапонша “Иссайке”) деп өзгертеді, ал Тан династиясында “Дацанцзин” (жапонша “Дайдзоке”) деп аталады.

Тибетке буддизм 7 ғасырда енеді. 9 ғасырдан 11 ғасырға дейін 150 жылға дейін буддалық канондар тибет тілдеріне аударылады. Бұл уақытта барлық канондарға жуықтайы аударылады.

Сонымен қатар Будданың әңгімелері мен қанатты сөздері тек қана шығыстың корей, жапон, цейлон, камбоджа, түрік және басқа тілдеріне ғана аударылған емес, ол европаның латын, француз, ағылшын неміс және итальян тілдеріне де аударылады. Сондықтан Будданың ілімі қазіргі кезеңде бүкіл дүниеге тарады деп айтсақ

болады. Бірақ оның мазмұнына келсек, буддизмнің екі мың жылдан асатын тарихы бар, ал канондар жинағы 10 мың томнан асады, бірақ “Дайдзаке” деген канондар жинағының толық аудармасы болса да Будданың қанатты сөздерінің шынайы мағынасын түсіну қиын. Сондықтан “Дайдзокеден” ең мағыналы жерлерін тандап алу қажеттілігі туындайды. Бұл біздің сеніміміз үшін тірек ретінде қызмет етеді.

Буддизмде Шакиямунидің айтқандары ерекше беделге ие болған. Сондықтан оның ілімі біздің өмірмен тығыз байланыста, бізге өте жақын болуы керек. Олай болмаса 10 мың томдық канондар біздің жүрекке әсер етпейді. Сондықтан оның ілімін кітап түрінде қарапайым формаға келтіріп, сипаттау қажеттілігі бар. Сонда ол әрдайым бізге қызмет етуге дайын болады. Оның көлемі мен мазмұны шағын болса да, ол біржақты болмауы керек және бай будда канондарын толығымен қамтиды. Ол әрбір адам түсінетіндей қарапайым тілде жазылып, мағынасы дәл болу керек.

Бұл кітап міне осындай игілікті және терең ниеттерден жазылған. Ол материалды екі мың жыл бойы ағып жатқан, Шакиямуни ілімі теңізінен туындаған қуатты ағым “Дацацзиннен” алады. Әлбетте, ол жетілген деңгейде емес. Шакиямунидың сөздері мағынасы бойынша өте терең, оның жақсы қасиеттері шексіз, сондықтан оларға ешкім тиісті бағысын бере алмайды. Біз, бұл кітап әр басылып шыққан сайын өңделіп, ақыр аяғында толығырақ және ақиқатқа жақынырақ, өзінің мәніне сәйкес болады деп үміттенеміз.

БҮЛ “БУДДА ІЛІМІНІҢ” ШЫҒУ ТАРИХЫ

Бұл “Будда ілімі” 1925 жылы Муан Кидзу жетекшілік ететін “Будда ілімінің Жаңа аудармасын тарату” қоғамы басып шығарған “Будда ілімінің Жаңа аудармасы” басылымының қайта қаралған және топталған түрі.

“Будда ілімінің жаңа аудармасының” бірінші басылымын профессорлар Сюаку Ямабэ мен Тидзен Аканума көптеген буддалық ғалымдармен бірге отырып, бес жылдай жинақтап шығарған.

Буддизмді уағыздаушы қоғам алдымен Муану Кидзуға, сонымен қатар осы бірінші басылымды жинақтауға қатысқан ғалымдарға терең ризашылығын білдіреді.

1926 жылдан бастаған Шова дәуірінде “Будда ілімінің жаңа аудармасын” таратушы Қоғам “Будда ілімінің кең тараған басылымын” шығарды. Ол бүкіл елге тарап кетті. 1934 жылдың июль айында Жапонияда будда жастарының бүкіл тынық мұхиттық конгресі өтті. Бұл конгрестің белгісі ретінде жастардың Жалпы жапон буддалық федерациясы Е. Годдардың қатысуымен “Будда ілімінің кең тараған басылымының” ағылшынша аудармасын “Будда ілімі” деген атпен шығарды.

1962 жылы буддизмнің Америкаға келуінің 70 жылдығының құрметіне Мицутос компаниясының негізін қалаушы Ёхан Нумата “Будда ілімінің” ағылшын басылымын шығарды. 1965 жылы Нуматаның қаржысына буддизмді уағыздау Қоғамы бүкіл әлемге тарату шешімін қабылдайды.

Осы шешімге сәйкес 1966 жылы “Будда ілімін” қайта қарау мен топтастыру комиссиясы құрылады. Комиссия құрамына Кадзусеи Кино, Сюю Канаока, Дзэнно Иситами, Синко Саеки, Кодо Мацинами, Седзюн Бандо және Такэми Такасэ енеді. Оларға Фумио Масутани, Н. А. Вадделл, Тосисукэ Симудзу және басқа

ғалымдар жәрдем берген. Сөйтіп, толық қайтадан қаралған “будда ілімі” түпнұсқасының орнына ағылшын аудармасымен шығады.

1972 жылы бұл “Ілімнің” кемшіліктерінің орнына толтыру үшін Сюю Каноока, Дзэнно, Исигами, Сею Ханаяма, Кансей Тамура және Такэми Такасэ, оны қайта қарап, “Будда ілімін” ағылшын тілінде шығарады.

1973 жылы “Будда ілімінің” жапон тіліндегі мәтіні толығымен қайта қаралып, ондағы көптеген орфографиялық қателер жөнделіп, толықтырылады және “Будда ілімінің” жаңа жапон басылымы шығарылды.

1974 жылы қате кеткен сөздерді, ойларды түзеу мақсатында Кадо Мацунами, Сезюн Бандо, Синко Саэки, Дою Токунага, Кансей Тамура және Сею Ханаямалардың аудармасын Р. Стейнердің көмегімен “Будда ілімінің” ағылшынша мәтінін толық қайта қаралады және оны жарық көрген жапон тіліндегі “Будда ілімінің” ағылшын тіліндегі мәтіні түпнұсқаның орнына пайда болады. 1978 және 1980 жылдары жоғарыда аты аталған редакторлар Сигео және Ясуаки Наралардың қатысумен Синроку Иноуэдің кейбір кіргізген ескертпелері бойынша қайта қаралды. 1981 жылы кітаптың көпшілікке түсінікті вариантын анықтау үшін оны Жапония мен Американың орта мектептерінің оқушыларына оқып көруге берілген. Оқушылар түсінуге қиын деп көрсеткен жерлері қарастырылып, өңделді. Міне сөйтіп, “Будда ілімінің” қайта қаралған ағылшын мәтінді басылымы жапон түпнұсқасының орнына жарық көреді. Кітапты қайта қарау істері болашақта да жалғасын табады.

1998 жыл, июль.

ПӘНДІК КӨРСЕТКІШ

<i>Өмір</i>	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>
Өмір мағынасы.....	5	11
Нақты әлем.....	97	7
Идеалды өмір	249	16
Өмірге қате көзқарастар	44	25
Өмір туралы дұрыс түсініктер.....	41	10
Біржақты өмір.....	57	6
Адасып жүргендерге (хикая).....	127	4
Адам өмірі (хикая).....	90	19
Егер өмір ляззаттарымен рақаттан- саңыз (хикая).....	90	5
Қарт, ауру және өлік неге үйретеді (тарих).....	94	3
Өлім міндетті түрде (тарих).....	95	1
Бұл дүниедегі қол жетпейтін бес нәрсе.....	48	8
Бұл дүниенің төрт ақиқаты	48	21
Жан жаңылысуды да, нұрлану-ды да туғызады.....	49	13
Қарапайым адамға жүзеге асыру қиын, бірақ оған зор құндылығы бар 20 нәрсе	133	6

Сенім

Сенім - бұл от.....	179	8
---------------------	-----	---

	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>
Сенімнің үш аспектісі.....	180	18
Сенім таң қаларлық.....	182	1
Сенім - шынайы жан дүниесінің көрінісі	181	7
Заипқа қалай пілді білу қиын болса, ақиқатты да табу солай қиын.....	75	1
Будда мәні дұрыс Будда ілімінен көрсетілуі мүмкін (хикая).....	77	13
Будда мәні тұрмыстық кумар-лықтар астында жасырынтқан.....	73	12
Күмөндану сенімге кедергі жасайды...	182	12
Будда - әке, ал адамдар - оның балалары.....	35	21
Будданың ақылы мұхит сияқты кең және терең.....	34	11
Будданың жаны ұлы қайырым-дылық пен аяушылыққа толы.....	15	1
Будданың қайырымдылығы мен аяушылығы мәңгілік.....	16	7
Будданың физикалық денесі жоқ.....	13	1
Будда өмір бойы уағыздаған.....	23	17
Адамдарды құтқару үшін Будда өлімді көрсетті.....	23	17
Будда хикаяларға сүйеніп, адамдар- ды жаңылыстардан құтқарды.....	19	5
Будда хикаяларға сүйеніп, адамдар- ды жаңылыстардан құтқарды.....	20	1

	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>
Нұрлану әлемі.....	251	12
Буддадан, Дхармадан және Сангхиден пана іздеу.....	178	1
Қалай өсиеттерді орындауға, жан дүниесінің назарын шоғырлауға және ақылды қадамдар жасауға үйренуге болады.....	163	12
Сегіз құрамды тура жол.....	166	15
Нұрланудың алты жолы.....	168	19
Төрт дұрыс іс - қимыл.....	168	4
Төрт дұрыс көзқарас.....	167	19
Нұрлануға жеткізуші бес күш.....	168	12
Жанның төрт шексіз жағдайы.....	171	13
Өмір мәнін түсінгендер.....	39	14
Адам өлімі және оның тіршілігінің өткіншілігі.....	12	23
Будданың атын қайталағандар, оның бақытты жерінде туылады.....	113	3
Өзің от бол, тек өзіңе үміт арыт.....	10	18

Жанды жетілдіру

Әрбір адам өзіне ненің басты екенін түсінуі керек (хикая).....	150	9
Алғашқы қадамнан бастап абай бол.....	133	1
Не іздеп жүргенінді ұмытпа (хикая)....	152	8
Бір нәрседе табысқа жету үшін көп азап тарту керек (тарих).....	158	24

Қанша жығылсаң да, қайтадан аяғыңа тұр (тарих).....	173	10
Жан тыныштығын жағдайлардың бұзуына жол берме (тарих).....	124	5
Ақиқатты іздеген адам қараңғы бөл- меге отпен кірген адамға ұқсайды.....	40	11
Адам өмірінің барлық жағыннан ілімді көреді (тарих).....	161	22
Адамның іс-әрекетіне, қадамына жаны жетекшілік етеді.....	121	22
Ілімдегі ең бастысы-бұл өз жаныңды жетілдіру	11	16
Алдымен өз жаныңды бақылауға ал.....	212	1
Егер өз жаныңды бақылауға алсаң.....	122	1
Жанның әр түрлі жағдайлары (хикая).	118	10
Жаның өзіңнің “Менің” емес.....	46	13
Өз жаныңның түрткілерін жеңе біл.....	11	1
Өз жаныңның түрткілеріне бағынба....	154	11
Өз жаныңның қожайыны бол.....	11	23
Барлық жамандықтардың қайнар көзі дене, тіл және жан.....	87	1
Жан мен сөздердің өзара байланысы...	125	18
Бұл дене уақытша (тарих).....	143	10
Бұл дене ластыққа толы.....	130	23
Еш нәрсені қатты қалама.....	11	1
Дененді, тілінді және жан дүниенді таза сақта.....	123	13

	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>
Өз жаныңды жетілдір, бәрінде өлшемің сақта (тарих).....	172	12

Қиналу

Қиналуды бір нәрсеге байлану жаратады.....	42	22
Қиналуға қалай жол бермеуге болады.	13	10
Адасу - бұл нұрлануға барар өткел.....	59	20
Адасудан қалай құтылуға болады.....	116	1
Тұрмыстық құмарлықтардың отын өшірсең, салқын нұрлануға жетесің..	141	23
Құмарлана қалау - адасу себебі.....	85	11
Құмарланған қалауыңды гүлдер көлеңкесінде жасырынған жылан деп есепте.....	85	15
Өртенген үйге байланба (хикая).....	19	18
Қалау - қателіктер себебі.....	118	1
Бұл дүниеде отқа оранған.....	82	15
Байлық пен даңқтың артына түсемін деп өзінді өртеме.....	119	12
Байлық пен махаббаттың артына түсемін деп адам өзін-өзі ажалға айдады.....	119	18
Ақылды және ақылсыз адамның мәні.	134	4
Ақылсыз адам өзінің жамандықтарын байқамайды (хикая).....	141	5
Ақылсыз адамдар басқалардың нәтижелерін қызғанады (хикая).....	141	9

	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>
Ақылсыз адамдарға тиістілер.....	147	3

Күнделікті өмір

Садаға беріп, оны ұмыт.....	169	25
Дүние-мүлкі жоқ адамның жеті са- дағасы.....	170	1
Қалай бай болуға болады (тарих).....	145	22
Қалай бақытты болуға болады.....	132	17
Ешқашан сыпайыгершілікті ұмытпа (тарих).....	139	1
Адамның әр түрлі мінездері.....	89	1
Кек аламын дегенді бақытсыз-дық күтіп тұр.....	132	3
Ренішті қалай тарқатуға болады (тарих).....	246	10
Басқалардың сынын жүрегіңе жақын алма (тарих).....	122	18
Адам киімі, тамағы және үйі үшін өмір сүрмейді.....	205	9
Киім мен тамақ рақаттану үшін емес..	116	22
Тамаққа қатынас.....	208	7
Киімге қатынас.....	207	12
Ұйқыға қатынас.....	208	22
Суық пен ыстыққа қатынас.....	208	12
Күнделікті өмірге қатынас.....	206	13

Басқару

Мемлекеттің гүлдену жолы.....	230	1
Билеушінің парызы.....	233	23
Билеуші алдымен өзін-өзі қолға алуы керек.....	231	8
Басқарудың мұраты халықтың жан дүниесін жетілдіруде.....	232	10
Министрлер мен дәрежелілер қалай өздерін алып жүруі керек.....	236	24
Қылмыскерлерді қалай жазалауға болады.....	235	21
Ілімнің халыққа ықпалы.....	232	1
Әлеуметтік күресті қалай реттеуге болады.....	238	19

Шаруашылық

Заттарды өз орнымен қолдану керек (тарих).....	221	10
Дүние - мүлік адамға мәңгілік берілген емес.....	220	23
Дүние - мүлікті тек өзің үшін ғана сақтама.....	228	13
Қалай бай болуға болады (тарих).....	145	22

Отбасы

Отбасы - бұл үй мүшелерінің жанда-

	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>
рының қауышатын жері.....	218	13
Отбасын қиратушы қадамдар.....	213	8
Қалай ата - анаға деген ұлы қарызың- ды өтеу керек.....	218	3
Ата - ана мен балалардың арасындағы қатынастар.....	213	22
Ері мен әйелінің арасындағы қатынастар.....	214	23
Ері мен әйелі бір сенімде болуы керек (тарих).....	224	6

Әйелдің өмірі

Әйелдің төрт түрі.....	222	13
Тұрмыстағы әйелдердің түрі.....	225	4
Жаскеліншекке арналған ілім (тарих)..	224	22
Күйеуге шығушы әйелдер үшін.....	223	7
Сұлу және жас әйелдер үшін.....	227	1
Еркек әйелге қалай қарау керек.....	130	11
Еркек пен әйелдің арасындағы қатынастар.....	224	1
Идеалды әйелдің анты мен қалауы.....	228	5
Жаман әйел.....	225	6

Монахтар жолы

Дұға оқып, монахтың киімін киген-

	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>
діктен монах емес.....	197	11
Монах храмның және ондағы бұйымдардың мұрагері емес.....	194	1
Сараң адам нағыз монах бола алмайды.....	194	6
Монах сүретін нағыз өмір.....	196	6

Қоғам

Қоғам мағынасы.....	241	18
Қоғамның шынайы жағдайы.....	97	7
Ұйымдардың түрлері.....	241	25
Нағыз серіктестік.....	242	7
Қараңғыны жарық етуші.....	240	7
Тыныштық пен келісімнің қаты- настары.....	242	18
Ұжымдағы тыныштық пен келісімге қалай жетуге болады.....	244	7
Қауымның мұраты.....	243	5
Буддаға ерушілердің әлеуметтік мұраты.....	251	1
Кім тәртіпті бұзса, олар құрбан болады (хикая).....	140	8
Қарттарды құрметте (тарих).....	134	21
Оқытушылар мен оқушылардың қатынастары.....	214	10
Достық ережесі.....	215	6
Қалай жақсы достарды таңдауға болады.....	216	27

	<i>Беттер</i>	<i>Қатар</i>
Қожайын мен жұмыскерлердің арасындағы қатынастар.....	215	19
Қылмыскерлерге қатынас.....	228	19
Оқытушылар үшін.....	199	1

САНСКРИТ СӨЗДІГІ

АНАТМАН (өзіне тән “меннің”жоқтығы)

Бұл буддизмнің ең басты қағидаларының бірі. Бұл дүниеде ешнәрсенің тұрақты табиғаты болмайды, себебі буддизм бойынша дүниеде мәңгілік еш нәрсе жоқ.

АНИТЯ (барлық нәрсенің өзгергіштігі)

Бұл да буддизмнің ең басты қағидаларының бірі. Бұған сәйкес дүниеде бәрі өзгереді, тұрақты еш нәрсе жоқ. Тірі жанның қандайы болсын бір уақытта өледі, және осындай болашақ қайғырудың себебіне айналады. Бірақ бұл концепцияға пессимистік көзқараспен қарауға болмайды, себебі даму мен ұдайы өндіру үнемі өзгерістердің салдары болып табылады.

БОДХИСАТВА (бодхисатва - Нұрлануға ұмтылған адам)

Гаутама Сиддхартта алдымен, нұрлану жағдайына жеткенше осылай аталған. Махаянаның шығуынан кейін нұрлануға ұмтылғандардың барлығын осылай атай бастады. Ақырында, нұрлануға адамдарды жетелеген, тірі жандарға жоғарғы аяушылықпен қарауға бағыт алғандарды атай бастады. Кеңінен белгілі болған бодхиствалар: Авалокитешвара, Кшитигарбха, Манджушри.

БУДДА (нұрланған)

Индияда 2500 жыл бұрын 35 жасында нұрлану жағдайына жеткендіктен буддизмнің негізін қалаушы Гаутама Сиддхартуды (Шакьямуни) алдымен осылай атаған. Мектептері мен бағыттарынан тәуелсіз барлық буддашылардың ақырғы мақсаты Будда қалпына жету. Осы жағдайға, нұрлануға жетудің әдістерінің әр түрлілігіне сай, буддизм әр түрлі мектептерге және секталарға бөлініп кетті. Махаянада, тарихи тұлға ретіндегі

Буддадан басқа, көптеген Амитабха, Махавайрочана, Вайсаджагуру ж.б. символикалық Буддалар танылады. Бақытты жерде туылғандар Будда болатыны туралы айтылатын бақытты жер концепциясының ықпалымен Жапонияда өлгендердің барлығын “Будда” немесе Жапонша “Хотоке” деп атайды.

ДХАРМА (тура ілім)

Бұл Нұрланғанның, былайша айтқанда Будданың ілімі. Будда ілімінде үш аспекті бар: Сутралар (Будданың өңгімесі және нақыл сөздері) Виная (Буддамен енгізілген тәртіп) және Абхиткарма (кейінгі буддологтардың Сутралар мен Винае бойынша пікірлері мен түсініктері. Талдауы. Барлығы бірге Типитака деп аталады. Дхарма буддизмнің үш қазынасының бірі болып табылады.

КАРМА (іс - әрекет)

Алғашқыда бұл сөз жай ғана “іс - әрекет” дегенді білдіретін, себептілік концепциясына байланысты өткен өмірдегі әр түрлі іс - әрекетердің нәтижесінде ие болған потенциалды күш ретінде қарастырыла бастады. Себебі адамның әр бір қимылы, іс-әрекеті, оның жақсы, не жаман болуына байланысты, болашақта жақсы немесе жаман нәтижеге алып келеді және адам болашағына ықпалын тигізетін бұл күш Карма деп атала бастады. Егер де тек жақсылық жасаса, онда жақсылық шоғырланып, оның потенциалды күші бұл адамның болашағына қолайлы ықпал жасайды. Адам іс-әрекеті үш түрге бөлінеді: физикалық, ауызша және рухани.

МАХАЯНА (үлкен арба)

Буддизм тарихында екі үлкен ағым Махаяна және Хинаяна белгіленген. Махаяна буддизмі Тибетте, Қытайда, Кореяда, Жапонияда және басқа солтүстік елдерде, ал Хинаяна - Бирмада, Шри-Ланкада(Цейлонда), Тайландта басқа да оңтүстік елдерде тараған. Осы дүниеде туылатын және өлетін барлық тірі жандарың қайғысы өзіне сидыратын, олардың барлығын араларында ешқандай айырма жасамай нұрлануға алып баратын “Үлкен арба”болып есептелінеді.

НИРВАНА (толық тыныштық және рақаттану)

Сөзбе сөз аударсаң сену дегенді білдіреді. Бұл тура ақылдың негізінде ішкі дүниеңе үңілудің және жанның жетілдірудің арқасында адамның құмарлары мен зұлымдықтары жойылған кездегі жағдай. Бұл жағдайға жеткендерді Будда деп атайды. Гаутама Сиддхартха бұл қалыпқа 35 жасында жетіп, Будда болды. Бірақ қазір ол толық тыныштық жағдайына өлген соң ғана жетті деген пікір бар. Оның себебі адам денесінің жаман қылықтары оның тірі кезінде өмір сүреді.

ПАЛИ (тіл)

Бұл Хинаяна буддизмнің тілі. Барлық буддизмнің ертедегі заңдары осы тілде жазылған деген тұжырым бар. Бұл тіл Санскриттің диалектісі болғандықтан, олардың арасындағы айырмашылық азғана. Мәселен, санскрит бойынша Дхарма, ал Пали бойынша Дхарма, Нирвана Санскрит бойынша, ал Пали бойынша Ниббана.

ПАРАМИТА (қарсы жағаға жетуге жәрдем беретін нәрсе)

“Қарсы жағаға жетуге жәрдем беретін нәрсе” - бұл Будда әлеміне жету үшін көмек болатын құрал. Әдетте туылу мен өлу дүниесінен нұрлану әлеміне алып баратын: жомарттық, өнегелілік, шыдамдылық, батылдық, аңдауға қабілеттілік және ақыл секілді 6 парамит аталады. Көктемдегі және күздегі жапон апталары Хиган осы буддалық түсініктен туындайды.

ПРАДЖНЯ (ақыл)

Алты парамиттердің бірі. Бұл адамның өмірге дұрыс көзқараста болуының және адасуларды ақиқаттан айыра білуінің рухани қабілеті. Бұл қабілетке ие болған адам Будда деп аталады. Демек, бұл көдімгі адам ақылынан бөлек, ең таза және нұрланған ақыл.

САНГХА (Буддалық қауым)

Ол монахтардан, монах әйелдерінен, белгілі бір діни ант берген жай адамдардан тұрады. Алғашқы кезде оларға тек қайыршыланған монахтар, монах әйелдер кіретін. Кейінірек, Махаяна буддизмі дамыған соң, Сангхаға монахтардан басқа бодхжатва жағдайына жеткісі келген адамдардың барлықтары қосыла бастады. Бұл буддизмнің үш қазынасының бірі.

САНСКРИТ (тіл)

Бұл ертедегі Үндістанның классикалық әдеби тілі, үнді - европалық тілдер семьясына жатады. Ол ведалық және классикалық Санскрит болып бөлінеді. Махаяна заңдары осы

тілде жазылған және оның стилі буддалық гибритік Санскрит деп аталады.

САНСАРА (қайта туудың шынжыры)

Өткен өмірден, бүгінгі күн арқылы, болашақта туылудың және өлімнің алты саладағы мәңгілік қайталануы: нараки мекендеушісі, прет, хайуан, адам, асур және құдай. Егер адам нұрлануға жетпесе, ол осы қайта туу айналымына әрдайым, айналуға душар болады. Тек осы айналымнан босағандарды ғана Будда деп атайды.

ШУНЬЯТА (бос кеңістік)

Дүниеде ештеңенің субстанциясы жоқ және мәңгілік болмайды деушілік - буддизмнің маңызды түсініктерінің бірі. Барлығы себепті - салдарлы байланысқа тәуелді, субстанциясы бардың тұрақты болуы мүмкін емес. Соның барлығында, субстанция бар дегенге, сондай-ақ еш нәрседе субстанция жоқ дегенге де берік сенуге болмайды. Дүниедегі қандай болмасын тіршілік ету салыстырмасы және ештеңе абсолютті бола алмайды. Махаяна буддизмнің Праджни супрасының ең басты түсінігі.

СУТРА (қасиетті жазу)

Жазбаша жазылған Будда қағидалары. Бастапқыда бұл сөз ілімі трактаттарды және нақыл сөздер жинағын білдірген. Типитакидің біреуі.

ТХЕРАВАДА (Хинаяна)

Оңтүстік дәстүрдегі буддашылардың көдімгі көтеріңкі дауысы. “Тхера” - үлкен дегенді білдіреді. Будда өсиеттерін қатаң ұстанған, көрі монахтардың тарихи тобын көрсеткен үлкендердің мектебі. Оларға монахтардың алдыңғы айдағы басқа тобы қарсы тұрды (олардың көзқарасы кейінірек Махаянада дамыды, бұл солтүстік дәстүрі). Буддизмның пайда болған алғашқы кезінде осындай айырмашылық біліне бастады. Бұл Будда өлгенен кейін бірнеше ғасырдан кейін сол кезеңде лайық алдыңғы қатарлы Махадава Будда өситінің 5 категориясы бойынша еркін түрде түсіндіруді талап етті. Бұл ақырында екі мектепке: Тхеравада және Махасангхикава бөлінуге алып келді. Махасангхика мектебі аяғында Махаяна ілімін жасады.

ТИПИТАКА (үш себет)

Бұл Буддалық қасиетті жазудың, Дхарманың үш бөлімі. Бұл Будданың өңгімелері мен нақыл сөздері бар Сутра: онда будда қауымдарының ертедегі канондық ережелері жазылған Виная; метафизикалық тұжырымдар келтірілген Абхидхарма. Кейінірек қытай мен жапонның көрнекті буддашыларының шығармалары будда канондарына еңгізілді. Қараңыз: Дхармаға.

АНГУТТАРА НИКАЯ

Монахтар, бұл дүниеге көп адамның игілігі үшін, көп адамның бақыты үшін бір адам туылды. Ол Дүниеге аяушылық жасау үшін, аспан тұрғындары мен адамзаттың игілігі мен бақытты үшін туылды. Ол кім? Ол Татхагата, Архат, ол нұрланған. Монахтар, бұл ол.

Монахтар, бұл дүниеде бір адамныңпайда болуы өте қиын. Кім ол? Ол Татхагата, Нұрланған . Бұл ол.

Монахтар, бұл Дүниеде сирек кездесетін адам - бұл әдеттегідей емес адам. Ол кім? Ол Татхагата, Архат, ол Нұрланған Бұл ол.

Монахтар, бір адамның өлімі бәрін қайғыға батырады. Ол кім? Ол Татхагата, Архат, ол Нұрланған. Бұл ол. Монахтар, бұл дүниеде теңдеусіз адам туылды. Кім ол? Ол Татхагата, Архат, ол Нұрланған. Бұл ол. Монахтар, бұл дүниеде бір адамның туылуы - бұл ең жоғарғы көз, бұл ең жоғарғы жарық, бұл ең жоғарғы шағылысу. Кім ол? Ол Татхагата, Архат, ол Нұрланған. Бұл ол. (1-13).

“БУДДИЗМ ІЛІМІН” УАҒЫЗДАУШЫ БУДДИЗМ ҚОҒАМЫ ЖӨНІНДЕ

Буддизмді уағыздаушы Қоғам жөнінде айтылғанда “Мицутос” компаниясының негізін салушы іскер Ёхан Нумата атын атамай кетуге болмайды.

Ол 50 жыл бұрын дәл өлшеуші приборлар өндірісінің компаниясының негізін қалаған болатын. Басталған істің игілігі аспан, адам және жердің өзара қатынастарының үйлесімдігіне, ал адамның жетілуі - ақыл, аяушылық және ерліктің байланысына қатысты екеніне сенген ол алдына адамды жетілдіру мен технологияны жетілдіріп мақсатын қояды. Ол - ел аралық тыныштық адамды жетілдіру арқылы жүзеге асуы мүмкін және бұл үшін ең лайықты дін - буддизм деп сенеді.

Сондықтан ол 50 жыл бойы өзінің компаниясын басқара отырып, буддизмді уағыздау мақсатында буддистік музыка, суретті және ілімді кең жайылтуда, оларды жетілдіруде көп күш жұмсайды. 1965 жылдың декабрінде өз қаражатын бөле отырып, ол буддизмді кең таратудағы өзінің істерін бір ұйымға біріктірді. Міне осы ісімен ел аралық тыныштықты нығайта түсу үшін өзінің аз да болса үлесін қоспақ ниетте болады.

Міне сөйтіп, буддизмді уағыздаушы Қоғам қоғамдық ұйым ретінде негізі қаланды. Будда ілімін кең тарату үшін, барлық адамдарға жер бетіндегі ең жоғарғы Ақыл мен ең жоғарғы аяушылықтың жарығы түсуі үшін не істеу керек? Буддизмді уағыздаушы қоғамның алдында, оның негізін салушы қалағандай, осы сұраққа жауап табу міндеті тұр.

Басқа сөзбен айтқанда буддизмді уағыздаушы Қоғам буддизмді кең таратудың барлық істерімен айналысады. Қоғам осы “Будда ілімі” кітабы Жапон халқының шынайы қасиетті кітабы болып қалуын қалайды. Жапон елі өзінің ұзақ тарихында буддалық мәдениетімен мақтанса да өзінің қасиетті жазуы болған емес.

Міне сондықтан кітап әрбір адамның оқып отырып, өзіне рухани азық алатындай, өркімге стол үстіндегі кітабы және саяхатта сенімді серігі болатындай, әрбір адам ұлы будданың тұлғасымен танысатындай етіп жасалынған.

Қауым бұл кітаптың мүмкін болғанша әрбір үйде болып, мүмкін болғанша көп адамдардың танысқанын қалайды. Ол, Жер бетіндегі әрбір адамның Будданың ілімімен таныс болатын күннің тезірек келуін қалайды.